

Мәдібаева Қ.Қ., Оспанова А.А.

**Жүсіпбек Аймауытұлы – қазақ жазба прозасының бастауында**

Мақалада ХХ ғасырдың басындағы әдеби дамудағы ықпалды тұлға Жүсіпбек Аймауытұлының кенже дамып, кеш өрістеген проза жанрындағы елеулі көркем туындысы – «Ақбілек» романындағы тарихи кезең шындығы, қаламгердің көркем сөздегі стиль даралығы, жазу тәсілі мен машығы, тақырыптың қазіргі кездегі жан-жақты зерттеліп пысықталып отырғандығына қарамастан әлі де зер салуды күтіп жатқан тұстары туралы пайымдаулар жасалады.

Жиырмасыншы ғасыр басында қазақ әдебиетінің көркемдік даму бағыттары тұрғысында қаламгер қауымы ден қойған өзекті әдеби мәселелер, өзара шығармашылық ықпалдастық, көркем туындыдағы тарихи кезең шындығы, кейіпкер болмысын тұлғаландырудағы жазушы шеберлігі; тіл қолданыс, портрет жасау, әрекет динамикасы, т.б. сынды көркемдеу тәсілдерін танып, бағалауда Жүсіпбек Аймауытұлының шығармашылық дарын даралығында зерттейтін құбылыс мол.

**Түйін сөздер:** Жүсіпбек Аймауытұлы, «Ақбілек» романы, ХХ ғасырдың басы, көркем сөз, жазба прозасы, дәуір, жазушы, қазақ тарихы, әдеби шығармалар, туынды.

Madybaeva K.K., Ospanova A.A.

**Jusipbek Aymauytov – at the source of kazakh written prose**

This article discusses the weaknesses requiring the investigation of the theme of the novel «Akbylek» by Jusipbek Aymauytov who was an influential person in the development of literature in the early twentieth century, despite the fact, the truth of the historical era, methods and skills in the writer's artistic speech, style personality of this novel, which is a prominent work of art in a prose genre are being researched comprehensively.

In the early twentieth century actual literary issues which were noticed by writers from the viewpoint of directions of the artistic development of Kazakh literature, creative interaction, the truth of historical era in fiction literature, the writer's skills to grow up image of the characters; the use of language in understanding and evaluating; writing a portrait of the dynamics of action, etc. there are quite a lot of phenomena to study in a creative talent and personality of Jusipbek Aymauytov.

**Key words:** Zhusypbek Aymauytuly, novel «Akbylek», the beginning of XX century, word of art, written prose, epoch, writer, Kazakh history, literary work, work of art.

Мадибаева К.К., Оспанова А.А.

**Жусипбек Аймауытов – у истоков казахской письменной прозы**

В статье рассматриваются слабые стороны требующих исследования темы романа «Акбилек», автором которого является Жусипбек Аймауытов, кто был влиятельным лицом в литературном развитии в начале ХХ века, несмотря на то, что правда исторической эпохи, индивидуальность стиля, способы и навыки сочинения писателя в художественной речи в этом романе, который является видным художественным произведением в прозаическом жанре, всесторонне исследуются.

В начале ХХ века актуальные литературные вопросы, на которые обратили внимание писатели с точки зрения направлений художественного развития казахской литературы творческое взаимодействие, правда исторической эпохи в художественном произведении, мастерство писателя возмужать образ персонажей; в познании и оценивании употребления языка, написания портрета, динамики действия и т.п. довольно много явлений для исследования в творческом таланте и индивидуальности Жусипбека Аймауытова.

**Ключевые слова:** Жусипбек Аймауытов, роман «Акбилек», начало ХХ века, выразительная речь, писательская проза, эпоха, писатель, казахская история, литературные произведения, произведение.

ӘОЖ 821.512.122(091)

**Мәдібаева Қ.Қ.<sup>1</sup>, Оспанова А.А.<sup>2</sup>,**

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің <sup>1</sup>профессоры,  
ф. ф. д., <sup>2</sup>оқытушысы, Алматы қ., Қазақстан,  
e-mail: kapi-51@mail.ru; aknur.ospanova@mail.ru

**ЖҮСІПБЕК  
АЙМАУЫТҰЛЫ –  
ҚАЗАҚ ЖАЗБА  
ПРОЗАСЫНЫҢ  
БАСТАУЫНДА**

XX ғасырдың басы қазақ сөз өнерінің бар жанрда өріс кеңіткен, дәстүр туғызған құнарлы бір дәуірі болды. Сөзді халықтың қилы себептерден кеш дамыған жазба прозасының жауһар үлгілері үдете жазылып, жарық көрген.

Дәуір салмағы жүрекке түскенде қаламын қару еткен ел қорғандарының жазудың жаңа бағыттарын түзген түпкі мәніне қаныға түсіп отырған қазіргі кезеңде Жүсіпбек Аймауытұлы туралы да айтылар сөз таусылар емес.

Сол бір заманда қаламгердің барлығы қайраткер болды. Қазақ қамын ойламаған, толғамаған кезі жоқ.

Көркем сөз арқылы бой түзету, ой түзетудің ежелгі дәстүрі жойқын бір қуатпен қайта жаңғырған қайырлы тұста Жүсіпбектің жүрдек қаламы тосылмай, тоқтамай жұмыс жасады. Жазуға тиіс, жазылуы керек жайлар жан тыныштығын шайқайды. Жаратылыстан дарыған жазу құштарлығы қанат байлайды. Содан барып «Қартқожа», «Ақбілек» сынды өмір сәулесімен қуаттанған қайырлы дүниелер шығады.

«Ақбілек» және сол дәуірдің кезең ауанын сіңірген «Бақытсыз Жамал», «Тар жол, тайғақ кешу», «Әділ-Мәрия» романдарындағы, сонымен қатар ондаған повесть, қара сөз үлгілеріндегі өмірлік арқау, көркемдеу қисындары, сол шығармалардың дәстүр туғызу, жазу шеберлігін шынға баулудағы өрісті өнегесін қамтып отырып, сабақтастыра саралау дағдысын үрдіске айналдыру бағытында кешеуілдеп келе жатқандаймыз. Арнайы зерттеу еңбектердің қайырлы нәтижелерін тұтас үдеріс ауқымында танып, танытуда бір қайнауы жетпей жатқан топшылаулармен тоқтап қалып жүреміз.

Ақбілекті қайыра бір оқығанда осы бір ойлар оратылып қалмай отырады. Сәт сайын тосын топшылауларға тартқандай тың бір қисындар қылаң беріп, қояр емес.

«Ақбілек» көп қырлы. Кезінде оны қалың көпшілік аузын ашып, көзін жұмып оқыған. Одан соң... Одан соң ұзақ заман өткенде, Ақбілек тағы да құныға оқылды. Құнттап оқыдық. Оқиға қуып оқитын оқушы да, ой қуып оқитын оқушы да қанағат тапты.

Қай-қайдағыны тірілтіп отыратын жанды дүние екен. Қайдағы-жайдағыны қозғап кететін әсерлі екен. Жайнаған бір сұлулық екен. Мұңы да көп, сыры да шалқар.

Жазушы Ж.Аймауытовтың сөз қуаты жойқын. Апырып-сапырып, ана тіліне еркелеп отырып, билеп-төстеп сөйлейтін мәнерін, машығын айтыңыз. Суретші. Дүниені қаз-қалпында, айна-кәтесіз ашатын қалт жібермей, қағып алып отыратын, әккі шебер.

Жазушы Алтайдың бөктеріндегі ел қалпын жүдеу де, жарасқан жақсы күнінде де, әр сәт, әр қырынан бағады.

Малы, жаны түп-түгел, ырыс-берекесі толықсып отырған Мамырбай ауылын жау шапты.

Жазушы осы бір тұстарда бір от басы, бір адам, бір ауыл топ болған қасіретті тұтас ел тағдырымен астастырып отыр. Жапа шеккен Ақбілек ұлттың тұспалы. Арманды туынды арқылы автор елі азат болатын келешекті болжайды.

Орыс дегенін істеген байғұс елдің қор болмаған несі қалып еді дейтіндей.

Романда Жүсіпбек Аймауытұлы Кеңес өкіметі әкелетін жақсылықтарға үміт жалғайды.

Романтикалық сипаты басым көрінетін шығармада автор өмірдің ақиқат астарларын қайта-қайта ашып тастап отыруды көздейді.

Даласы бар, қаласы бар аралас-құралас алдап кездесіп отыратын адамдардың кейпіне шынайылық дарыту үшін не керектің бәрін қолданды қолайлы көретін қаламгер тұлға сомдау дейтін күрделі сынақтан тайсақтамайды. Талай тұста табысына ортақтастырады. Мамырбайдың қазақы ақсақалдық болмысы әр сәт, әр сөз, әр әрекетімен біртіндеп түзіледі, тұтастанады.

Өмір салтында, отбасылық ғұрыпта әкені әулиедей көретін қазақтың қызы Ақбілектің күйзеліс күйін, әке тұрқымен шебер жымдастыруында жазушы Жүсіпбек Аймауытұлы шығармадағы ұлттық характер даралығын түзудің төлтума нышандарын барлайды.

Мамырбайдың намысқа өртенген қайран әкенің шығарма барысындағы қарекеті, орынды, орайлы. Ер адамның жаратылыс ерекшелігін айқындай түсетін өмір ағысындағы әр алуан сәттерден жазушы керегін тауып ала қояды.

Шаруабасты отағасы, үй-ішілік кикілжің, ұсақ-түйекке араласа бермейтін қазақы кесек мінез Мамырбайдың кейде сөре түсіп қалатын осалдығы да болатынын құлақ, қағыс етіп кетеді.

«Ақбілек» романында кезең ауаны мейлінше ауқымды қамтылып отырады. Алтай баурайын ен жайлаған қыр өмірі де, ел салтына дендеп кірген тұрмысының қыр-сыры, замана райымың құбылған дүбірі, дүбілуі көп уақыттың әр деңгейлі міндет алып жүрген, ой-танымы, мінез-құлқы, тұрпат-тұрқы алуан-алуан көзкөргендерінің болмыс-қалпы шығармада боямасыз,

қанық суреттелінеді.

Жазушы күрделі уақыттың тынысын, бетталысын, аяусыз ақиқаттарын орайын келтіріп айтып өтуді мақсат тұтқаны сезіледі. Таза көркемдіктің күрделі иірімдеріне қолайлы бола бермейтіндігіне қарамастан, жазуда хроникалды-деректік, анықтамалық, танымдық ұстанымдарды да кәдеге жаратады.

XX ғасыр басындағы қазақ тарихын сан бағытта саралап жазылып жатқан зерттеу, ғылыми еңбектердің сан тарап тоқтамдарын сіңіріп, ұғынуға «Ақбілек» сынды кезең ауанын тұтастықта байыптауды міндет санаған көркем туындылардың зор септігі тиеді.

Қазақ оқығандарының қалпы, замананың ұстатпайтын тұлкібұлаң мінезі ел арасындағы жекелеген адамдардың пиғыл-әрекетімен айқындала түсіп отырған. Мұқаш, Әбен бай, Жылтыр, Ақбала, Бекболат, Балташ, Бозінген, оның күйеуі Көркемтай, Ұрқия т.б.

Роман құрылымындағы көркемдік тәсіл тартымды. Жалықтырмайды. Ынтықтырып отырады. Ақбілек тағдырына тұтас бір уақыттың сипатын тоғыстыра жазуға ден қойған қаламгер әсіресе тіл қолданыс, деталь арқылы ауқымды дүниеге меңзеу, қарекет шындығы, қарекеттің сыйымдылығы, көркемдік тұтастықтың портрет, пейзаж сынды арқаулары, кейіпкердің жан күйі, күйзеліс, марқаюы, мардымсып, емексуі сынды толып жатқан көркемдік тұғырдың қажетті бөлшектерін қалауын тауып қосып отыруда төгілте баяндау, сөйлету, сөйлестіру, ым, ишара тәсілдерімен түлете түседі.

Шығармада автор көркемдік шегініс арқылы оқиға, ой өрбіту тәжірибесін де байқап көреді.

Хат жазу үлгісін кіріктіруі де сол кезең әдебиетінде үрдісте болған тәсілдерден күнделік жазуды кіріктіруінде де көркемдік мақсат көзделген.

Қаз-қаз басып, қанатын енді жайып келе жатқан қазақ романының сол тұстағы алымын аңдап отырып жазылған «Ақбілекте» көп жайды бастан шалып, өзің де білесің дегендей желдірте айтып өтетін тұстар болса – ол да сол кезең оқырманының талап, талғамын ескеріп отырудан деуіміз керек.

Автор замана желі онсыз да қағанаты қарқ, сағанағы сарқ күндері баяғыда бастан тайған бағы кем елінің ел болудан кетіп бара жатқан сиқын барлап күйзеледі. Қуана қоятын дәнеңе таппайтындай кейде.

Ұлтшылы да, ұлтсызы да біртүрлі жатбауыр тартып бара жатқан халықтың келешегі қандай

деген сауал көкейде тұрғаны анық.

Ақбілектің ішкі түйсік, сезім күйлерін ақта-рып тастап отырып жазуы Жүсіпбек Аймауы-тов – қазақ әдебиетінде көркем образ сомдау-дың шынайы негіздерімен суарылған XX ғасыр басындағы көркемдік ағымды қалыптастырып, дамытуға елеулі ықпалы тиген қаламгер болған-дығын айқындай түседі.

Жазушының құбылысты құбылыспен ұштас-тыру тапқыштығы айрықша назар аударады.

«Күн батпай-ақ, көз барында манағы айтқан терең шаттан іннен шыққан қасқырларша, шұ-бап шықты төрт атты».

Шығармада қазақ прозасына баяулап ор-ныққан сөйлеушінің сырын шашып, ішіндегісін ашып кететін сөйлесу үлгілерін автор молынан қолданған. Кісісіне қарай сөйлету ел мінезін баққан суреткердің қолайлы тәсілдерінің бірі.

Жүсіпбек Аймауытұлының әр қалыптағы, әр деңгейдегі, әр қилы әлеуметтік мәртебеде-гі ел адамдарын қосып отырып өрбітетін оқиға, ой желісінде көлденеңнен кіріккен басы артық баяндау, байыптау, ұзақ ұғындыру жоқ. Жедел, ширақ уақыттың ырғағын, «асығыс» жүрісін се-зінтіп жазады.

Қазақтың осал тұстары астарлы ишарамен де, ашып-шышып айтумен де түгенделген. Өсек-тің шапшаң өрісі, күншілдік күйігі, болмашыға мардымсыған тайқы таяздың, мансапқорлық, партиягерлік, пәле қуған бұзықтық... толып жат-қан ұлт ағзасын құрт ауруындай құртатын, құр-дымға тартатын күнсыздықтар шошаң етіп ал-дыңнан шығып отырады.

Қанында қас артықшылығы көп елдің азып-тозуы қай замандардан басталғаны, қалай даула-ған өрттей бой бермей өршігені ойлантсын деп жазған ғой дейсін.

Жүсіпбек Аймауытұлының адамның аяқ ас-ты айнып, бұзыла қалатын осалдықтарын аяусыз «бетке басып» жазуда дара үздірген жүйрік.

Қалың елдің итшілеп күн көріп жатқан жал-шы, малшысы бауырмал ағайыны көргені көп, алды кең ақсақал қариясы, астам, асқақ, «артық туғандары», кісіліктің бір кілтін ұстап жүрген қамкөңіл аға-жеңге, оқығаны мен озғаны, қо-ры мен зоры – ешқайсысы қалыс қалмай тұтас қатысқан шығармада сол XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің көркемдік салмағын көтерген жаңа бір үрдістің жасампаз нышандары жара-сым тапты.

Шәкәрім Құдайбердіұлының, Міржақып Ду-латұлының, Мағжан Жұмабайұлының, Сәкен Сейфоллаұлының, Мұхтар Омарханұлының, Бейімбет Майлыұлының, Сәбит Мұқанұлының,

Ғабит Махмұтұлының, Ғабиден Мұстафаұлы-ның, Жиенғали Тілепбергенұлының, тағы да басқа сөз ұқсатқан қаламгерлердің шығармала-рының барлығында да басымдықта болған қай-наған замандағы ел өмірін мұңымен, мұратымен, сыр-сымбатымен, сыралғы салтымен тұтас алып жазуға құштарлық қуат Жүсіпбек Аймауытұлы-ның жазу бағытында да асып-төгілген айқын белгілерімен көркемдік кеңістік түзді.

«Ақбілекте» сол XX ғасыр басында, әдеби шығармаға мығым орныққан бай-жуандардың қалпы қаныға түсті. Әбен байға Мамырбай та-ңырқай қарайды. Әбен – жаңа замананың байы.

Жазушының шығармаға дарытқан тың үрдісі-нің бірі – ел адамдарының тұтас көрініп отыруы.

Жүсіпбек Аймауытұлының көпшілікті ұдайы қамтып отыру дағдысы сахналық шы-ғарма шартымен сабақтасып жатқаны білінеді. Қазіргі тілге көшсек, бейне бір өмір көріністері мақсатты түрде көзге шалынып отыратын кеңқұ-лаш фильм көріп отырғандай әсер бар. Жазушы сахна, кино тілімен сөйлеу тәсілдерін барлайды.

«Ақбілек – романның негізгі кейіпкері бол-ғанмен, ол жалғыз емес. Жазушы оның өскен, әрқилы өмір кешкен ортасын, қарым-қатынас-тағы адамдарды суреттеу арқылы заман шынды-ғын жан-жақты шынайы бейнелейді...

Біріне бірі ұқсамайтын, ескі қазақ ауылында кездесетін типтерді даралап, бейнелеуде Жүсіп-бектің суреткерлік шеберлігі айрықша таныла-ды» [1].

Ескі қазақ ауылында кездесетін типтер...

Сол типтердің XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінде кесек-кесек бейнесі бар. Кейінде жазылған ірі прозамызда сол дәстүр жалғасын тапқаны, жазу мақсаты, жазу тәсілі тезге түсті дегеннің өзінде де үзілмеген үрдіске айналғаны белгілі.

«Ақбілектегі» әрбір тип алдыдан шыққанда оларға ұқсағандардың кейінгі көркемдік тағды-ры туралы ой көлденеңдеп отырған.

Бай малын бағып бақсыз өткен Қойтеке «Абай жолындағы» Иса, Иіс кемпірді еске түсірді.

Және бір тұстарда «Оянған өлкедегі» Қазан-ғапты ойладық. Итбай, Сәрсенбай, Мамырбай, Әбендер, Игілік, Жұмандар, «Дауылдан кейін», «Көз көрген»...

Академик Серік Қирабаев Жүсіпбек Ай-мауытұлының қазақ прозасының шеберлік шың-дауындағы өлшеусіз тарихи мәнін тарқата, тере-ңінен тартып бағалады.

«Романда ел тұрмысы суреттерінің негізінде жасалған әйелдердің нақты тұлғалары мол. Қан-ша дегенмен, қазақ ауылының сыртқы тіршілігі,

мал қамы ерлермен байланысты болса, ауыл үй тіршілігін ұстайтын, оны реттейтін, ұқсататын да, ұқсата алмайтын да әйелдер ғой. Осы тұрғыдан жазушының әр үйдің тұрмыс-тіршілігін суреттеуді сол үйдің әйелінің мінезін бейнелеумен байланысты көрсетуі шындыққа әбден сай келе-

ді» (С. Қирабаев). Осы уақыт сол XX ғасыр басындағы әдеби шығармаларға тән болғаны рас. Кімді, нені болсын шынайы күйде алып суреттеу машығы, бірте-бірте қолдан әлуеттендіру, сыпайы-сырдақ қалыпқа түсіру машақатына ұла-сып кете барған.

#### Әдебиеттер

- 1 Қирабаев С. Көп томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Қазығұрт, 2007. – Т. 8. – 448 б.

#### References

- 1 Qi`'rabaev S. Ko`p tomdi`q shi`gharmalar ji`'naghi`. – Almati`: Qazi`ghurt, 2007. – T. 8. – 448 b.